

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Араб Әмірліктерінің Үкіметі арасындағы ұйымдасқан қылмысқа, терроризмге, есірткі құралдарының және психотроптық заттардың, олардың прекурсорлары мен аналогтарының заңсыз айналымына және өзге де қылмыс түрлеріне қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 29 тамыздағы N 802 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Араб Әмірліктерінің Үкіметі арасындағы ұйымдасқан қылмысқа, терроризмге, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың прекурсорлары мен аналогтарының заңсыз айналымына және өзге де қылмыс түрлеріне қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары Амантай Акрамұлы Әубәкіровке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат ете отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Араб Әмірліктерінің Үкіметі арасындағы ұйымдасқан қылмысқа, терроризмге, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың прекурсорлары мен аналогтарының заңсыз айналымына және өзге де қылмыс түрлеріне қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюға уәкілеттік берілсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.14 N 319, 2009.10.29 N 1709, 2010.05.12 № 408 Қаулыларымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2008

жылғы

29

тамыздағы

N 802

қаулысымен

мақұлданған

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Араб Әмірліктерінің Үкіметі арасындағы ұйымдасқан қылмысқа, терроризмге, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың прекурсорлары мен аналогтарының заңсыз айналымына

және өзге де қылмыс түрлеріне қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісім

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Араб Әмірліктерінің Үкіметі (бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын), ұйымдасқан қылмысқа және, атап айтқанда, есірткіге және терроризмге байланысты қылмысқа қарсы күресте екіжақты ынтымақтастыққа ортақ мүдделілік білдіре отырып; ұйымдасқан қылмыс тарапынан қауіп пен қатерге қарсы тұру мақсатында ұйымдасқан қылмыстан, есірткі мен терроризмге байланысты қылмыстан туындайтын қауіпке барлық құқық қорғау ведомстволары арасында осы саладағы ынтымақтастықты кеңейту қажеттілігіне көз жеткізе отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Тараптар осы Келісімнің ережелеріне сәйкес:

- 1) ұйымдасқан қылмысқа;
- 2) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың прекурсорлары мен аналогтарының заңсыз айналымына;
- 3) Тараптар мемлекеттерінің қауіпсіздігін қозғайтын терроризмге, экстремистік бағыттағы қылмыстарға, сондай-ақ оларды қаржыландыруға;
- 4) меншікке қарсы қылмыстарға;
- 5) улы, радиоактивті, жарылғыш заттардың, сондай-ақ ядролық, химиялық және биологиялық қару-жарақ контробандасына;
- 6) атыс қаруының және жарылғыш заттардың заңсыз айналымына;
- 7) шекарадан заңсыз өтуге;
- 8) адамдар саудасына;
- 9) жезөкшелікке байланысты қылмыстарға;
- 10) ақша купюраларын, бланкілер мен ресми құжаттарды қолдан жасауға;
- 11) заңсыз қаржы әрекеттеріне, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға, оның ішінде ақшаны жылыстатуға және басқа да экономикалық қылмыстарға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа;
- 12) жоғары технологиялар саласындағы қылмыстарға;
- 13) мәдени және тарихи құндылығы бар заттарды ұрлауға және контрабандасына;
- 14) экологиялық қылмыстарға;
- 15) ұрланған және контрабандалық тауарларды тасымалдауға қарсы күресте ынтымақтасады.

2. Тараптардың келісімімен ынтымақтастық қылмыстың өзге де түрлеріне қарсы күреске таралуы мүмкін.

2-бап

Осы Келісімнің ережелерін іске асыру мақсатында Тараптар арасындағы ынтымақтастықты мынадай құзыретті органдар жүзеге асырады:

Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан:

Ішкі істер министрлігі;

Бас прокуратура;

Ұлттық қауіпсіздік комитеті;

Қорғаныс министрлігі;

Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы);

Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті;

Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі;

Біріккен Араб Әмірліктерінің Үкіметі атынан:

Ішкі істер министрлігі, Криминалдық қауіпсіздік Бас басқармасы;

Мемлекеттік қауіпсіздік департаменті.

Осы бапта көрсетілген құзыретті органдар өзгерген жағдайда Тараптар дипломатиялық арналар арқылы дер кезінде хабардар етілетін болады.

3-бап

Өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына және өзінің халықаралық міндеттемелеріне сәйкес Тараптар осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген қылмыстарды болдырмау және оларға қарсы күрес саласында ақпарат пен тәжірибе алмасады.

4-бап

Тараптар осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген қылмыстарға қарсы күрес саласында құзырлы органдар қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, баспа өнімдерін шығару және ұйымдасқан қылмысты зерттеуде және зерделуде марапаттау, ұйымдасқан қылмысты болдырмау, қабылданатын шаралардың тиімділігін бағалау жүйелерін пайдалану, дамыту және жаңарту бойынша тәжірибе және оған қарсы күресте ақпарат алмасады.

5-бап

Тараптар осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген қылмыстарды болдырмау, оларға қарсы күрес саласында оқу курстарын, симпозиумдар, ғылыми конференциялар өткізуде көмек көрсетеді.

6-бап

Тараптар осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген қылмыстарды жасауды болдырмау мақсатында қылмыстық топтарды анықтауда және қудалауда ынтымақтасады.

7-бап

Тараптар осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген қылмыстарды болдырмау және оларға қарсы күресте қазіргі заманғы технологиялардың рөлін қолдау мақсатында оларды пайдалана отырып, күзет жүйелерін жаңарту әдістері туралы ақпарат алмасады.

8-бап

Тараптар осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген қылмыстарға қарсы күрес саласында өңірлік және халықаралық ұйымдармен тәжірибе алмасады.

9-бап

Тараптар мемлекеттерінің мемлекеттік шекарасы арқылы есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың прекурсорлары мен аналогтарын заңсыз тасымалдауды ашу және технологиясының әдістеріне қатысты ақпаратпен, жаңа есірткі құралдары, психотроптық заттар және оларды өндіру үшін қолданылатын, анықталған және ашылған әдістер туралы өзара ақпаратпен алмасады.

10-бап

Тараптар мемлекеттері аумағында табылған, ұрланған және контрабандалық жолмен әкетілген мәдени және тарихи құндылықтарды қайтаруда ынтымақтасады.

11-бап

1. Осы Келісім шеңберіндегі ынтымақтастық құзыретті органдардың сұрау салуы бойынша жүзеге асырылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген сұрау салу сұрау салынатын Тараптың құзыретті органдарына тікелей, жазбаша түрде немесе дипломатиялық арналар арқылы немесе поштамен, факсимиль арқылы немесе құзыретті органдармен келісілген кез-келген басқа да тәсілдермен берілді.

3. Сұрауда салуда оның орындалуы үшін қажетті мәліметтер, сондай-ақ іске қатысы бар құжаттардың көшірмесі болуы, оларға сұрау салушы Тараптың құзыретті органдары қол қойған және мөрімен бекітілген болуы тиіс.

4. Шұғыл жағдайда мұндай сұрау салу ауызша жасалуы мүмкін және қырық сегіз сағат ішінде дереу жазбаша расталуы қажет. Қажет болған жағдайда сұрау салуды орындау бойынша қосымша ақпарат сұратылады.

5. Егер сұрау салуды орындау сұрау салынатын Тараптың осы Келісімде көрсетілген құзыретті органының өкілеттігіне жатпаса, сұрау салынатын Тарап сұрау салуды оны орындауға уәкілетті органға береді. Сұрау салынатын Тараптың құзыретті органы бұл рәсім туралы хабардар етілуі тиіс.

12-бап

1. Егер мұндай сұрау салуды орындау сұрау салынатын Тарап мемлекетінің егемендігіне, қауіпсіздігіне немесе өзге де мемлекеттік мүдделеріне қауіп төндіруі мүмкін болса немесе мұндай сұрау салуды орындау сұрау салынатын Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына немесе сұрау салынатын Тарап мемлекеті қатысушы болып табылатын халықаралық шарттар бойынша міндеттемелеріне қайшы келетін болса, сұрау салынған Тараптың құзыретті органдары сұрау салуды орындаудан толық немесе ішінара бас тарта алады.

2. Сонымен қатар сұрау салуды орындау сұрау салынатын Тараптың тергеу немесе басқа құқықтық рәсімдерді жүргізуін қиындататын болса, оны орындауды кейінге қалдыруға жол беріледі.

3. Егер сұрауды орындау ерекше шарттарды орындауды қажет ететін болса, Тараптардың бірлескен консультацияларын өткізуге жол беріледі.

4. Сұрау салынатын Тараптың құзыретті органдары кешіктірмей сұрау салуды орындаудан бас тарту немесе ішінара орындаудың себептеріне қатысты дереу сұрау салушы Тараптың құзыретті органдарына хабарлайды.

13-бап

Тараптардың осы Келісімді орындауы барысында туындайтын шығыстарды олар өздерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес дербес көтереді.

14-бап

Осы Келісім қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету және адамдарды беру мәселелерін қозғамайды.

15-бап

Тараптардың қарым-қатынас тілі ағылшын тілі болып табылады.

16-бап

1. Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес Тараптар алынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

2. Осы Келісімнің шеңберінде алынған құжаттама, ақпарат және техникалық жабдық беруші Тараптың құзыретті органдарымен алдын ала келісімсіз үшінші тарапқа беріле алмайды.

3. Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес мемлекеттік құпиялар бар ақпарат алмасу тәртібі және оларды қорғау жеке халықаралық шартпен белгіленеді.

17-бап

Тараптар қажет болған жағдайда осы Келісімнің ережелерін іске асыру барысында туындайтын мәселелерді талқылау үшін бірлескен кездесулер өткізеді.

18-бап

Осы Келісім Тараптар мемлекеттері қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын құқықтар мен міндеттемелерді қозғамайды.

19-бап

Осы Келісімнің ережелерін орындау немесе түсіндіру барысында туындайтын барлық келіспеушіліктер дипломатиялық арналар арқылы келіссөздер мен консультациялар жолымен шешіледі.

20-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар оның ажырамас бөлігі болып табылады және осы Келісімнің 22-бабында көзделген шарттарға сәйкес күшіне енетін хаттамалармен ресімделеді.

21-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындау туралы соңғы жазбаша хабарлама алған күннен бастап 30 күннен кейін күшіне енеді.

22-бап

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады. Тараптар бірін-бірі осы Келісімді тоқтату туралы дипломатиялық арналар арқылы жазбаша хабарламамен хабардар етеді. Осы Келісім Тараптардың бірі екінші Тараптың тиісті жазбаша хабарламасын алған

күннен кейін алты ай өткен соң әрекетін тоқтатады. Осы Келісімнің әрекетін тоқтату оның әрекет етуі кезеңінде келісілген рәсімдерді олар толығымен аяқталғанға дейін әсер етпейді.

_____ қаласында 2008 жылғы "___" _____ әрқайсысы қазақ, араб, орыс және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды, барлық мәтіндерінің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушілік туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Біріккен Араб Әмірліктерінің

Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК